**Мектепалды даярлық №12 «Жұлдыз» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы**
**Ақпан айы І –апта (01.02.21-05.02.21ж)**

**Өтпелі тақырып:** «Бізді қоршаған әлем»
**Апталық тақырып:** «Ғажайыптар әлемі. (өлі табиғат құбылыстары)»
**Мақсаты:** Балаларға бізді қоршаған әлем, тірі және өлі табиғат туралы білімдерін жетілдіру. Қазақстанның пайдалы қазбалары және олардың түрлері туралы түсініктерін дамыту. Электро құрылғылары туралы білімдерін бекіту. Байланыс құралдары, көліктердің түрлері және оларды қолдану мен жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 01.02.21 | Сейсенбі 02.02.21 | Сәрсенбі 03.02.21 | Бейсенбі 04.02.21 | Жұма 05.02.21 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** Ата – аналармен әңгімелесу | 8.00-8.30 | Таңертеңгілік балаларды бір-бірлеп қабылдау. Балалардың денсаулығын дене жарақатын тексеру. Дене температурасын өлшем денсаулық дәптеріне толтыру. Ішкі тәптіпті сақтай отырып балалардың ішке киетін киімдеріне көңіл аудару, кейбір ата-аналармен жеке баланың киіміне қатысты ескертулер жасау. | | | | |
| Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б) | | «Табиғатты бұрышымен» жұмыс жүргізу.<br>мақсаты: балаларға жыл мезгілдерін, айларды, апта күндерін қайталату, есте сақтауға қалыптастыру. | **Жұмбақтар**<br>Қызыл күлше тау асады,<br>Ыстық нұрын шашады. (Күн)<br><br>Көзге көрінбейді,<br>Қолға ілінбейді. (Ауа)<br><br>Аспаннан домалап,<br>Көп моншақ төгілді.<br>Бусанып жон, алап,<br>Терледі, керілді.<br>(Жаңбыр) | **Психологиялық жаттығу**<br>**«Күн» ойыны.**<br>**Мақсаты:** балаларды өзін таныстыруға, дұрыс сәлемдесуге, басқаларды тыңдай білуге үйрету.<br>Жүргізілу барысы: Менің қолымда күн тұр. Ол қазір айнала барлығымыздың қолымызға өтеді. Кімде- кімнің қолына, күн түссе, сол өз атын атап, көршісінің атын атап, күнді оған береді. | **Саусаққа жаттығу**<br>Күркіреді күн,күн...<br>Терезелер шың-шың,<br>Жауды жаңбыр топ, топ,<br>Шелек – шелек,<br>көп – көп.<br>Жел соқты гу-гу<br>Жаңбыр жауды тырс-тырс.<br>Жаңбыр басталды.<br>Күн ашылды. | **«Шеңбер» ойыны**<br>Ойынның барысы: балаларға бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер құрып тұру ұсынылады. Сонымен қатар, шеңбер бойымен тұрған балалардың әрқайсысы өзіне қарсы тұрған баланың көзіне қарап, жылы жүзбен күлімсіреу керек. (Балаларға жылы жүз сыйлау). |
| Таңертеңгі жаттығу | | Ертеңгі жаттығу кешені «Текшемен» | | | | |
| Таңғы ас | | Таңғы асқа «астарың дәмді болсын» айту кезінде және ас ішіп болған кезде балалардың «рақмет» деп жауап беруге дағдыландыру. Тамақты ұқыпты ішуге, сөйлемей отырғызу. | | | | |
| Ұйымдастырыл | 8.30-9.00 | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын - жаттығулар | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық | | Дидактикалық ойын: «Күнді құрастыру» мақсаты: балаларға күндің маңыздылығын айта отырып, күнді құрастыруға үйрету. | Тәжірибе жұмысы: «Ауа» мақсаты: балаларға ауаның қасиеттерін, ауаның маңыздыгын түсіндіру, тәжірибе жасау. | Тәжірибе жұмысы: «Су» мақсаты: судың үш қасиетін тәжірибе арқылы көрсету, білімдерін дамыту. | Жұмбақтар<br>Аспаннан домалап,<br>Көп моншақ төгілді.<br>Бусанып жон, алап,<br>Терледі, керілді.<br>(Жаңбыр)<br>Қызыл күлше тау асады,<br>Ыстық нұрын шашады.<br>(Күн)<br>Көзге көрінбейді,<br>Қолға ілінбейді. (Ауа) | Қимылдық ойын: «Бес тас» шарты: тастарды қолмен лақтырып екі саусақпен жинау. мақсаты: шапшаңдыққа, ептілікке баулу. |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырлған оқу қызметтері | 9.00-10.55 | **«Денсаулық»**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Табиғат әлемінде»**<br>**Мақсаты:** Балаларға бізді қоршаған әлем туралы түсінік беру. Балаларды табиғатты қорғауға, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Шахмат тәрізді қойылған кеспек ағаш арқылы қос аяқпен секіруге үйрету.<br>**«Қатынас»**<br>**Орыс тілі.**<br>**Тема: «Чудо природы»**<br>**Цель:** Обобщить знания детей о неживой природе, способствовать развитию познавательных интересов. Развивать любознательность, память, умение делать | **«Қатынас»**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: «Сөздік диктант»**<br>**Мақсаты:** Өткен дыбыстарды қайталап сөздік диктант жазу. Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. Таза ұқыпты жазуға үйрету.<br>**Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, көрсету.<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**«Шығармашылық»**<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Ақ бұлақ»** (Ә. Асылбеков)<br>**Мақсаты:** Балаларға табиғат туралы түсінік бере отырып, әнді тыңдап, дұрыс, таза айта білуге үйрету.<br>түсінік беру.<br>**«Әлеумет»**<br>**Өзін-өзі тану**<br>**Тақырыбы: «Қонақ** | **«Денсаулық»**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Күн, су, тау, тас, ауа - тіршілік тірегі»**<br>**Мақсаты:** Табиғат сыйы күн, су, ауа туралы айту. Балаларға өлі табиғат құбылыстары туралы айту және табиғатты қорғауға, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>«Қатынас»<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Қыс» (өлеңді жаттау)**<br>**Авторы: Абдрахман Асылбеков**<br>**Мақсаты:** «Қыс» өлеңін мәнерлеп оқып, мазмұнын ашу. Балаларға табиғат көріністерін сипаттауды, қыс қызықтарын айтқызып үйрету. Өлең шумақтарын | **«Қатынас»**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: «З дыбысы мен әрпі».**<br>**Мақсаты:** З дыбысы және әрпімен таныстыру.Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау.<br>**Әдіс-тәсілі:**көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.<br>Дәптермен жұмыс<br>**«Шығармашылық»**<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Көңілді аққалалар»**<br>**Мақсаты:**Балаларға қыс мезгілі және қыс айлары туралы түсінік беру. Есте сақтау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту, еңбек үрдісі арқылы бала қиялын жетілдіру, саусақ моторикасы | **«Денсаулық»**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Біз табиғатты қорғаймыз»**<br>**Мақсаты:** Балаларды табиғатты қорғауға, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Гимнастикалық орындықта отырып, табанмен теннис шаригін , ұсақ резеңке шариктерін домалатуды, қолына доп ұстап, шығыршыққа тимей, шығыршық ішінен тура және бір бүйірімен өтуді үйрету.<br>**«Қатынас»**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**: **Су- тіршілік көзі»**<br>**Мақсаты:**Су- табиғат сыйы, тіршіліктегі маңызы мен құндылығы туралы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | выводы о развитии природы.<br>**«Таным»**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Боран қалай әндетеді?»**<br>**Мақсаты:** Қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, олардың атын атау және бір-бірінен ажыратуға үйрету. Қарапайым зерттеушілік және экологиялық мәдениет қалыптастыру. Қоршаған ортаны тануға деген қызығушылықтарын арттыру. **Әдіс-тәсілі:**көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.<br>**«Шығармашылық»**<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Кемпірқосақ»**<br>**Мақсаты:** табиғат құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыру; доғал ызылған сызық бойымен жырту әдісі арқылы жапсыруға үйрету. желімді ұқыпты пайдалану дағдысын бекіту. | **келсе - қуаныш»**<br>**Мақсаты:** «Қонақжайлылық» ұғымы туралы түсінік беру. Жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Әдептілікке тәрбиелеу. | жаттату, сөздік қорларын молайту. Табиғаттың әдемілігін сезіне білуге тәрбиелеу. **Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, көрсету, дәптермен жұмыс. **Қимылдық ойын: «Аққала»**<br>**«Таным»**<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Сиқырлы табиғат»**<br>**Мақсаты:** а) 7 саны және цифрын енгізу; цифр мен заттың санын сәйкестендіруді үйрету; санды және реттік санау дағдысын жетілдіру; 7 цифрын табу және бейнелеуді үйрету;<br>ә) балалардың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту;<br>б) жинақылыққа тәрбиелеу. **Әдіс-тәсілі:**көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**«Шығармашылық»**<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Қар кесегі»**<br>**Мақсаты:** Қысқы табиғат әсемдігін сезініп, қыс қызығымен | арқылы шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды»**<br>**Мақсаты:** Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру. Өз ата – анасының мамандығы туралы айта алу дағдыларын арттыру. Барлық мамандықтың маңызын ұғындыру. Маман иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | білімдерін кеңейту. Глобустағы –табиғат ресурстарының бірі-су, осыған қарап жер бетінің көп бөлігін су алып жатқанын байқату. Ауадағы ұсақ су тамшылары бу түрінде, бұлт қалпында ұшып жүретіні (су жер астында да болатыны, адамның денесінде де болатыны туралы.<br>**Әдіс-тәсілі:**көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.<br>**«Шығармашылық»**<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ақ бұлақ»** (Ә. Асылбеков)<br>**Мақсаты:** Әнді қайталау арқылы меңгерген дағдыларын бекіту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | таныстыру, қыс мезгілінің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, қардың "аппақ ұлпа", "мамықтай" жұмсақ болатынын және өлі табиғат иесі екеніндігін түсіндіру. Балаларға дербес түрде қар кесегінің суретін салуды үйрету. | | |
| Серуенге дайындық | 10.55-11.10 | Балалар киімдерін ауыстырып шкафтарына ұқыпты жинау, сырт киімдерін кию. Киіну кезінде бір-біріне көмектесу. Қатармен серуенге шығу. | | | | |
| Серуен | 11.10-12.30 | 1.Бақылау: жауып тұрған қарды.<br>мақсаты: қардың жерге түсуін бақылау.<br>2.Еңбек:ойын алаңын таза ұстау.<br>мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>3.Қимылдық ойын: «Аңшы мен қояндар».<br>4.Жеке жұмыс: Дианаға қысқы табиғат туралы жұмбақ шешкізу.<br>5.Еркін ойын. | 1.Бақылау: боранды желді.<br>мақсаты: желдің бағытын айқындау.<br>2.Еңбек: ересек адамдардың еңбегін.<br>мақсаты: үлкеннен үлгі алуға тәрбиелеу.<br>3.Қимылдық ойын: «Сырғанақ тебу».<br>4.Жеке жұмыс: Әминаға қысқы мезгіл туралы сұрақтар қою арқылы білімдерін кеңейту.<br>5.Еркін ойын. | 1.Бақылау: адамдардың қысқы еңбегін.<br>мақсаты: еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>2.Еңбек: тәрбиешімен бірге ағаштардың түбіне қар үю.<br>мақсаты: жұмысқа баулу.<br>3.Қимылдық йын: «Қар лақтыру».<br>4.Жеке жұмыс: Азизге «Қыс» өлеңін қайталату.<br>5.Еркін ойын | 1.Бақылау: мұз сүңгісін.<br>мақсаты: қыс мезгілінің ерекшеліктерін бақылау.<br>2.Еңбек: ойын алаңын тазалау.<br>мақсаты: балалардың ынтасын еңбекке арттыру.<br>3.Қимылдық ойын: «Үйсіз қалған қоян».<br>4.Жеке жұмыс: Айзереден қыс мезгілінің айларын сұрау.<br>5.Еркін ойын. | 1.Бақылау: қысқы ағаш.<br>мақсаты: ағаштардың қысқы бейнесін тамашалау.<br>Еңбек: өз-өзіне қызмет көрсету.<br>мақсаты: ұқыптылыққа үйрету.<br>3.Қимылдық ойын: «Біз көңілді баламыз».<br>4.Жеке жұмыс: Манастан «Үйшік» ертегісінің мазмұнын сұрау.<br>5.Еркін ойын. |
| Серуеннен оралу | 12.30-12.40 | Қатармен жүріп әндетіп серуеннен топқа оралу. Сырт киімдерін шешіп ұқыпты шкафтарын жинау. Қолдарын сұйық сабынмен ұқыпты жуып сумен дұрыс шаюға дағдыландыру. | | | | |
| Түскі ас | 12.40-13.10 | Түскі асқа отырғызу. Партада тамаққа тік отыруға, сорпаны ұқыпты тауысып ішуге, майлықты дұрыс пайдалануға дағдыландыру. | | | | |
| Түскі ұйқы | 13.10- | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 15.10 | «Балдырған» әуенін тыңдау арқылы ұйықтау | «Екі аяз» ертегісін тыңдау арқылы ұйықтау | «Менің әжем» әуенін тыңдау арқылы ұйықтау | «Әке мен бала» әңгімесін тыңдау арқылы ұйықтау | «Достасайық бәріміз» әуенін тыңдау арқылы ұйықтау |
| Біртіндеп ұйқыдан тұру, шынықтыру шаралары | 15.10-15.40 | Біртіндеп ояну. Әуен ырғағымен төсек үстінде аяқ-қолға арналған серіппе жаттығуларын жасау. Төсектерін жинап, киімдерін ауыстырып кию, өздерінің сыртқы келбетін ретке келтіру. | | | | |
| Бесін ас | 15.40-16.10 | Тамақтану кезінде партада тік отырып тамақтануға дағдыландыру. Асхана құралдарын (қасықты) еркін пайдалану. Сүттің адам денсаулығына пайдасын айту. | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет.<br><br>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар | 16.10-16.40 | **Вариативтік компонент. «Экология және біз»** Тақырыбы: «Су айналымы» мақсаты: Балаларға табиғаттағы судың айналымы туралы түсіндіру. Суды ұқыпты, таза пайдалануға тәрбиелеу. **Әдіс-тәсілдері:** Сурет бойынша әңгімелеу, жұмбақ, сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын. **«Жаңбыр тамшылары» ойыны**. Шарты: судың үш күйі туралы сурет бойынша әңгімелеу.<br><br>Ришадқа әңгімені анық түсінігін айта білуге қалыптастыру, жалғасы мен соңын құрастырып келістіріп айтуға үйрету. | Дидактикалық ойын: «Су не үшін қажет?» Ойының шарты: судың қажеттілігі туралы сұрақтарға жауап беру.<br><br>Аминаға қозғалыс ойындарында ойын ережелерін сақтауға, ертеңгілік гимнастиканың жаттығулар кешенін орындай алуға | **Вариативтік компонент. «Математика әлемінде» Тақырыбы:** "Қызықты математика" мақсаты: Балаларды 1 ден 10 ға дейін жақсы санай білуге үйрету. **Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау, тапсырмалар орындау. **Дидактикалық ойын:** "Тура және кері" шарты: 1 ден 10 ға дейін сандарды тура және кері санай білуге үйрету.<br><br>Амирге дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратып айта білуге дағдыландыру. | **Вариативтік компонент. «Сөйле, балақай!» Тақырыбы:** «Су - тіршілік көзі» мақсаты: Судың тіршіліктегі маңызы мен құндылығы туралы білімдерін кеңейту. Судың үш түрлі қасиетін түсіндіру. Суды үнемдеу, қадірлейге тәрбиелеу. **Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап. **Дидактикалық ойын:** «Тез айт, сөз айт» шарты: суреттер берілген судың үш түрлі күйін атап айту керек.<br><br>Айзереге таныс сюжеттер бойынша қойылымдарды, ертегілерді сахналай білуге үйрету, кейіпкерлердің мінез-құлқын түсініп сала | **Топтық жұмыс:** «Сауат ашу негіздері» оқу қызметінен өткен әріптерді қайталау, сөздерді буынға бөліп айту.<br><br>Нұрадымға алуан түрлі заттарды жалпылайды атай білуге және сипаттап айту үйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | дағдыландыру. | | білуге дағдыландыру. | |
| Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Балалар өзбетімен киіну, бас киімдерін киіп, аяқ киімдерінің бауларын байлау кезінде бір-біріне көмектесу. Ұқыпты киінген баланы мадақтау, үлгі ету. | | | | |
| Серуен | 16.50-17.50 | Бақылау: жауып тұрған қарды бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты». Еркін ойындар | Бақылау: боранды желді бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Шеңберге дәл түсір». Еркін ойындар | Бақылау: адамдардың қысқы еңбегін. Қимылдық ойын: «Кім кетті?». Еркін ойындар | Бақылау: мұз сүңгісін бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Өз жұбыңды қуып жет». Еркін ойындар | Бақылау: қысқы ағаштарды бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық». Еркін ойындар |
| Серуеннен оралу | 17.50-18.00 | Балаларды қатардын шықпай жүруге дағдыландыру. Әндетіп серуеннен топқа оралу. | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы. | 18.00-18.30 | Үйден тақпақтарды қайталауға тапсырма беру. Ата-анасына тапсыру. | «Достасайық бәріміз» әнін жаттап келу. | «С» әрпінен басталатын сөздерді айту. | Жаңылтпаш жаттап келу. | Жақсы демалыс тілеу. |

**Мектепалды даярлық №12 «Жұлдыз» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы**
**Ақпан айы ІІ – апта (08.02.21ж – 12.02.21ж)**

**Өтпелі тақырып:** «Бізді қоршаған әлем»
**Апталық тақырып:** «Көліктер»
**Мақсаты:** Балаларға бізді қоршаған әлем, тірі және өлі табиғат туралы білімдерін жетілдіру. Қазақстанның пайдалы қазбалары және олардың түрлері туралы түсініктерін дамыту. Электро құрылғылары туралы білімдерін бекіту. Байланыс құралдары, көліктердің түрлері және оларды қолдану мен жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 08.02.2021ж. | Сейсенбі 09.02.2021ж. | Сәрсенбі 10.02.2021ж. | Бейсенбі 11.02.2021ж. | Жұма 12.02.21ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** Ата – аналармен әңгімелесу | 8.00-8.30 | Таңертеңгілік балаларды қабылдау. Балалардың денсаулығын дене жарақатын тексеру. Дене температурасын өлшем денсаулық дәптеріне толтыру. Балалардың көңіл-күйін сұрау. Қимылдық ойын: «Кім есікті қақты?». Шарты: балаларды шеңберге орындықпен отырғызу. Баланың көзін байлап ортаға шығару, бір баланың отырған орындығын қағу. Ортадағы бала сол дыбысқа барып баланы сипау арқылы кім екенін айтады. . | | | | |
| Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б) | | Мұзафар Әлімбаев «Жол»<br><br>Жүгірді жол, жүгірді,<br>Бір жерлерде бұрылды.<br>Жүгірді жол, жүгірді,<br>Бір жерлерде бүгілді,<br>Көлге келіп тірелді.<br>Іздеп жүрсек жан-жақтан,<br>Сүңгіп шықты ар жақтан. | Балалармен жұмыс. «Жолда жүру ережесі» бұрышымен таныстыру. мақсаты: балаларды жолда жүру ережесімен таныстыра отырып, жол ережесін сақтауға, есте ұстауға дағдыландыру. | Саусаққа жаттығу.<br><br>Отырайық қисаймай.<br>Қолды, жайып қанатша,<br>Жұдырықты түйелік.<br>Саусақтары талғанша.<br>Ашып, жұмып көрейік.<br>Белімізді жазайық.<br>Демімізді алайық. | Психологиялық жаттығу. «Тас пен жолаушы» жаттығуы. Балалар көшеге шығады. Серуеннен кейін демалу керектігін айтады. Балалардың біреулері тас, ал кейбіреулеріне жолаушы болу ұсынылады. Тас болған балалар жерге тізесін құшақтап, қатып отырады, ал жолаушылар тас болып отырған баланың арқасына сүйенеді. Содан балалар орындарын ауыстырады. | Балаларға конструкторлардан әр түрлі көліктердің түрлерін құрастырту. мақсаты: ойлау қабілеттерін, шапшаңдығы мен икемділіктерін арттыру. |
| Таңертеңгі жаттығу | | Ертеңгі жаттығу кешені «Текшемен» | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Таңғы ас | | Балаларды таңғы асқа отырғызу. Бүгінгі күнгі берілген ботқаның пайдасын айту. Дұрыс сөйлемеу тамақ ішуге, тамақатану кезінде тамақ ішу ережесін сақтауға дағдыландыру. | | | | |
| Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 8.30-9.00 | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын - жаттығулар | | | | |
| | | Дидактикалық ойын: «Жолың болсын жолаушы!» (темір жол көлігі –пойызбен таныстыру)<br>Мақсаты: Көліктер туралы түсініктерін кеңейту. Темір жол көлігі-пойызбен таныстыру. | Дидактикалық ойын: «Мен көшедемін»<br>Мақсаты: Балалардың жолда жүру ережелері туралы білімдерін жетілдіру және жолда жүру тәртібін қалыптастыру. | Қимылдық ойын: «Жүргізуші»<br>мақсаты: партада тік отыруға, тыныштық сақтауға үйрету. | Дидактикалық ойын: «Автотұрақ»<br>Мақсаты: құрастыруға арналған құрылыс материалдарының аттарын атау (кірпіштер, төртбұрыш, дөңгелек, пластина,т.б) пішініне қарай автотұрақ құрастыра білуге үйрету. | Дидактикалық ойын: «Бағдаршам»<br>мақсаты: Балалардың жолда жүру ережелері туралы білімдерін жетілдіру және жолда жүру тәртібін қалыптастыру. |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырлған оқу қызметтері | 9.00-10.55 | **«Денсаулық»**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Көліктер»**<br>**Мақсаты:** Мамандық иелерін құрметтеу керектігін балаларға ұғындыру. Салауатты өмір салтын құруға баулу Жаттығуды жасату арқылы қимыл үйлесімділігін дамыту. Гимнастикалық орындық үстінен арқаға құм дорбаша қойып, кері еңбектеуді және алға қара тоңқалаң асып домалауды үйрету.<br>**«Қатынас»**<br>**Орыс тілі.**<br>**Тема: «Транспорт»**<br>**Цель:** Формирование и развитие навыков аудирования и | **«Қатынас»**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Ө дыбысы мен әрпі**<br>**Мақсаты:** Ө дыбысы және әрпімен таныстыру.Сөйлем сызбасының соңына тиісті тыныс белгілерін қою: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі.<br>**Әдіс-тәсілі** :Көрсету, түсіндіру. **Дәптермен жұмыс**<br>**«Шығармашылық»**<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Бағдаршам»** (С. Қалиев)<br>**Мақсаты:** Балаларға көліктер туралы түсінік бере отырып, әнді тыңдап, мәтінін дұрыс айта білуге | **«Денсаулық»**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Жол ережесі»**<br>**Мақсаты:** Салауатты өмір салтын құруға баулу. Бірлікке баулу. Балалардың икемділігін дамыту. Гимнастикалық қабырғаға түрлі тәсілдермен өрмелеуді және допты қабырғаға лақтырып, қағып алуды үйрету.<br>**«Қатынас»**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:«Теміржол бағдаршамы» (жаттау) Д.Байбеков**<br>**Мақсаты:** Көліктер туралы түсініктерін кеңейту. Темір жол көлілі пойызбен таныстыру. Көліктің | **«Қатынас»**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: «Ү» дыбысымен және әрпімен таныстыру.**<br>**Мақсаты:** «Ү» дыбысы мен әрпін қайталату, сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу<br>**Әдіс-тәсілі** :Көрсету, түсіндіру. **Дәптермен жұмыс**<br>**«Шығармашылық»**<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Бағдаршам»**<br>**Мақсаты:** Мүсіндеу іскерліктерін дамыту. Ұқыптылықпен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Мүсіндеу техникасын бекіту. Балаларды тазалыққа, | **«Денсаулық»**<br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>**Тақырыбы: «Мен көшедемін»**<br>**Мақсаты:** Балалардың жолда жүру ережелері туралы білімдерін жетілдіру және жолда жүру тәртібін қалыптастыру. Көше тазалығы мен сұлулығы тұрғындардың өздеріне байланысты екендігін, жолда жүру ережесін сақтаудың маңыздылығын сезіндіру.<br>**«Қатынас»**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Кеме»** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | говорения в знакомых и новых игровых учебных ситуациях по пройденным темам и по теме "Транспорт". **«Таным» Жаратылыстану Тақырыбы: «Көшедегі қауіпсіздік» Мақсаты:** Көшедегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру. Балалардың жолда жүріс бөлігі, осьтік сызық туралы ұғымдарын бекіту. Қиылыс жолмен, жол белгілерімен таныстыру. Жолда жүргенде жол ережелерін орындауға, тәртіпке үйрету. **Әдіс-тәсілі** :Көрсету, түсіндіру. Қимылдық ойын: «Бағдаршам» **«Шығармашылық» Жапсыру Тақырыбы «Пойыз» (ұжымдық жұмыс) Мақсаты:** Көліктер туралы түсініктерін кеңейту. Темір жол көлігі-пойыз бейнесін бейнелеуге үйрету. Түрлі-түсті қағаздар пайдалана отырып, | үйрету. **«Әлеумет» Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Мен көмекшімін» Мақсаты:** «Көмек», «көмектесу» адамгершілік ұғымдарының мәнін ашу. Бір-біріне көмектесе білу дағдыларын қалыптастыру. Бір-біріне көмектесе білуге тәрбиелеу. | атқаратын қызметі туралы мағлұмат беру. Көркем шығарманы сызба көмегімен жаттатуға үйрету. Өлең сөздерін естеріне сақтап, мәнеріне келтіре, жатқа айта білуге қалыптастыру. **Әдіс-тәсілі**:Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу. **Дидактикалық ойын: «Бағдаршам» «Таным» Математика негіздері Тақырыбы: «Тоқта, сақтан, жол ашық!» Мақсаты:** а) аптадағы күндердің атауын жаттау; балалардың бойында уақыт туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру; ә) 7-ге дейінгі сандық және реттік санау дағдысын жетілдіру; балалардың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту; б) әдептілікке үйрету. **Әдіс-тәсілі «Шығармашылық» Сурет салу Тақырыбы: «Автобус» Мақсаты:**Балаларға жол ережелерін және көліктер туралы түсіндіруді жалғастыру. | ұқыптылыққа тәрбиелеу. Бастаған істерін аяғына дейін жеткізуге, төзімділікке тәрбиелеу. | **Мақсаты:** Көліктер туралы түсініктерін кеңейту. Дәптер бойынша көліктерді өз жолдарына қосу. Темір жол көлігі-пойызбен таныстыру. Темір жол көліктері: трамвай, пойыз. Пойыздың жүргізуші адам-машинист. Пойыздың арнайы уақыт арқылы, бағдаршамның нұсқауымен жүретіні туралы түсіндіру. Заттың кеңістікте орналасуына қарай қолданылатын (шетінде, астында,үстінде ,ішінде) сөздерді үйрету. **Әдіс-тәсілі**:Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу. **Дидактикалық ойын: «Көліктер» «Таным» Құрастыру Тақырыбы: «Автотұрақ» Мақсаты:** құрастыруға арналған құрылыс материалдарының аттарын атау (кірпіштер, төртбұрыш, дөңгелек, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | түзу сызық бойынша төртбұрыштан біркелкі тік жолақтар қию,оларды желімдеп жапсыру машығын дамыту. Кеңістікте бағдарлауды, көз мөлшерін қалыптастыру. Қайшыны пайдалану дағдысын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | Түрлі-түсті бояудың көмегімен геометриялық фигураларды пайдаланып автобустың суретін салуды үйрету, сурет салу дағдыларын қалыптастыру, достыққа татулыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | пластина,т.б) пішініне, көлеміне қарай құрылыс материалдарын дұрыс орналастыру арқылы автотұрақ құрастыра білуге үйрету. Үлгі бойынша құрастыру және оны өз қалауы бойынша өзгерту, қоғамдық көлікте тәртіп сақтау, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. Көліктердің адам өміріне қажет екендігін түсіндіру. **«Шығармашылық» Музыка Тақырыбы: «Бағдаршам»** (С. Қалиев) **Мақсаты:**Музыканы тыңдап, әнді еске түсіріп, қайталатып, балалардың ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылықтарын дамыту. |
| Серуенге дайындық | 10.55-11.10 | Балалар парталарын дұрыс қойып, киімдерін ауыстырып шкафтарына ұқыпты жинау, сырт киімдерін кию. Киіну кезінде бір-біріне көмектесу. Қатармен серуенге шығу. | | | | |
| Серуен | 11.10-12.30 | 1.Бақылау: қарды мақсаты: қыс мезгілінің ерекшеліктерін бақылау. 2.Еңбек: тәрбиешімен | 1.Бақылау: қар ұшқындары. мақсаты: қарды сипаттау. 2.Еңбек: аулу тазалаушының | 1.Бақылау: ызғарлы желді. мақсаты: ызғарлы желдің бағытын анықтау. 2.Еңбек: қар жинау, | 1.Бақылау: мұз сүңгілерін мақсаты: мұз сүңгісінің пайда болуын бақылау 2.Еңбек: тәрбиешімен бірге ойын алаңының | 1.Бақылау: ағаштарды . мақсаты: ағаштардың қысқы тіршілігін бақылау. 2.Еңбек: аулу |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бірге қарды ағаш түптеріне жинау. мақсаты: еңбекке баулу.<br>3.Қимылдық ойын: «Ақ қоян».<br>4.Жеке жұмыс: Манастан қысқы ойындарды сұрау.<br>5.Еркін ойын. | еңбегін бақылау. Мақсаты: үлкенге көмектесуге дағдыландыру.<br>3.Қимылдық ойын: «Кімнің командасы көп жинайды?».<br>4.Жеке жұмыс: Әмина мен Амирге «Жас ағаш айтады» тақпағын қайталату.<br>5.Еркін ойын. | ұжымдық жұмыс жасауға тәрбиелеу. мақсаты: достыққа баулу.<br>3.Қимылдық ойын: «Аңшы мен қояндар».<br>4.Жеке жұмыс: Азизге «Шырша жыры» әнін қайталату<br>5.Еркін ойын. | қарын тазалау аулу тазалаушыға көмектесу. Мақсаты: тазалыққа үйрету.<br>3.Қимылдық ойын: «Торғайлар».<br>4.Жеке жұмыс: Нұрайға «ағаштар» туралы жұмбақтар айту. 5.Еркін ойын. | сыпырушының іс-әрекетін бақылау, көмек көрсету. Мақсаты: үлкенге құрметпен қарау.<br>3.Қимылдық ойын: «Сырғанақ тебу».<br>4.Жеке жұмыс: Әмірден «Қыс» өлеңін сұрау.<br>5.Еркін ойын. |
| Серуеннен оралу | 12.30-12.40 | Қатармен жүріп «Балдырғандар» әнін айту арқылы серуеннен топқа оралу. Сырт киімдерін шешіп ұқыпты шкафтарын жинау. Су болған киімдерін кептіріп жаю. Қолдарын сұйық сабынмен ұқыпты жуып сумен дұрыс шаюға дағдыландыру. | | | | |
| Түскі ас | 12.40-13.10 | Түскі асқа отырғызу. Партада тамаққа тік отыруға, дәруменді салаттарын тауысып жеуге, асхана құралдарын (қасықты) еркін пайдалануға бір-біріне сілтемеуге, майлықты дұрыс пайдалануға дағдыландыру. | | | | |
| Түскі ұйқы | 13.10-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | |
| | | «Менің әжем» әуенін тыңдау арқылы ұйықтау. | «Екі аяз» ертегісін тыңдату арқылы ұйықтату. | «Отан ана» әуенін тыңдау арқылы ұйықтау | «Алдар көсе» ертегісін тыңдату арқылы ұйықтату. | «Балдырған» әуенін тыңдау арқылы ұйықтау |
| Біртіндеп ұйқыдан тұру, шынықтыру шаралары | 15.10-15.40 | Біртіндеп ояну. Әуен ырғағымен төсек үстінде аяқ-қолға арналған серіппе жаттығуларын жасау. Төсектерін жинап, киімдерін ауыстырып кию, өздерінің сыртқы келбетін ретке келтіру, өыз балалар шаштарын реттеу. | | | | |
| Бесін ас | 15.40-16.10 | Тамақтану кезінде партада тік отырып тамақтануға дағдыландыру. Сөйлемей тамақтануға, сүтті төкпей ішуге дағдыландыру. | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет. | 16.10-16.40 | **Вариативтік компонент.**<br>**«Экология және біз»**<br>Тақырыбы: Топырақ-тіршілік ортасы<br>мақсаты: Топырақ туралы түсінік беру. Топырақтың маңыздылығын ұғындыру. **Әдіс-тәсілі:**әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, тәжірибе жасау. | **Топтық жұмыс:**<br>Топтық жұмыс: сауат ашу оқу қызметінен өткен әріптерді қайталау, көркем жазу дәптерімен жұмыс. | **Вариативтік компонент.**<br>**«Математика әлемінде»**<br>**Тақырыбы:** «Сиқырлы текшелер»<br>мақсаты: Балаларға есептеу материалын пайдаланып,ауызша қосу, азайту амалдарын орындату. Санның , ондығын, бірлігін айыру. Түсіндіру, | **Вариативтік компонент.**<br>**«Сөйле, балақай!»**<br>**Тақырыбы:**<br>«Көліктер»<br>мақсаты: Көліктер туралы түсініктерін кеңейту. Көліктің түрлерімен таныстыру. Көліктің атқаратын қызметі туралы мағлұмат беру.<br>**Әдіс-тәсілі:** Түсіндіру, | **Қимылдық ойын:**<br>«Жол ережесін сақта!»<br>мақсаты: балаларға жолда жүру ережесі мен тәртібін сақтауға дағдыландыру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **«Ненің ұясы» ойыны** шарты: топырақта өсетін және топырақта мекен ететін тіршілік иелерін ажырату. | | әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау. «Сиқырлы текшелер» шарты: текшелерді пайдаланып қосу және азайту амалдарын орындау, логакалық есептер шығару. | көрсету, сұрақ-жауап. **Дидактикалық ойын:** «Не қайда жүреді?» шарты: көліктің түрлерін ажыратып қай көлік қайда жүретінін тауып айту. | |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар | | Алимансурға суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастырып айтуға үйрету, сөздік қорын молайту. | Айзереге өзінің қимылын серіктесінің қимылымен үйлестіре білуге, сахнада бағдарлай алуға үйрету. Ұяндық, тартыншақтық мінезін жеңе білуге көмектесу. Өзінің қабілетіне сене білуге, ұялмай өзін еркін ұстауға баулу. | Ришадқа тілдің барлық дыбыстарын дұрыс айтуға, анық сөйлеуге үйрету. Сөйлемді аяқтап айтуға дағдыландыру. | Айзереге заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып сурет салуға қалыптастыру, түсті таңдай білуге үйрету. | Әминаға таныс шығармаларды мазмұндау кезінде мәтін мазмұнына, кейіпкерлерге, олардың қылықтарына өзінің қатынасын білдіруге, өзінің пікірін, ойын айтуға үйрету. |
| Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Топты жинастыру, ойыншықтарды өз орнына қою. Балалар өзбетімен киіну, бас киімдерін киіп, аяқ киімдерінің бауларын байлау кезінде бір-біріне көмектесу. Ұқыпты киінген баланы мадақтау, үлгі ету. | | | | |
| Серуен | 16.50-17.50 | Бақылау: жауып тұрған қарды бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты». Еркін ойындар | Бақылау: қыс мезгіліндегі қар ұшқындарын бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Үнсіз өт». Еркін ойындар | Бақылау: боранды желді. Қимылдық ойын: «Кім кетті?». Еркін ойындар | Бақылау: қырауды бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Өз жұбыңды қуып жет». Еркін ойындар | Бақылау: қысқы ағаштарды бақылауды жалғастыру. Қимылдық ойын: «Паравоз». Еркін ойындар |
| Серуеннен оралу | 17.50-18.00 | Балаларды қатардын шықпай жүруге дағдыландыру. әндетіп серуеннен топқа оралу. | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы. | 18.00-18.30 | Үйден сөздерді буынға бөліп айтуды қайталау. | Үйден берілген тақпақты жаттап келу. | Таза, ұқыпты киініп келу. | Үйден «Жас ағаш айтады» өлеңін қайталау. | Жақсы демалыс тілеу. Таза, ұқыпты киініп келуді айту. |

**Мектепалды даярлық №12 «Жұлдыз» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы**
**Ақпан айы III – апта (15 02.21ж -19.02.21ж)**

**Өтпелі тақырып:** «Бізді қоршаған әлем»
**Апталық тақырып:** «Электроника әлемі. Байланыс құралдары»
**Мақсаты:** Балаларға бізді қоршаған әлем, тірі және өлі табиғат туралы білімдерін жетілдіру. Қазақстанның пайдалы қазбалары және олардың түрлері туралы түсініктерін дамыту. Электро құрылғылары туралы білімдерін бекіту. Байланыс құралдары, көліктердің түрлері және оларды қолдану мен жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу.

| **Күн тәртібі** | **Уақыты** | **Дүйсенбі 15.02.21ж** | **Сейсенбі 16.02.21ж** | **Сәрсенбі 17.02.21ж** | **Бейсенбі 18.02.21ж** | **Жұма 19.02.21ж** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** Ата – аналармен әңгімелесу | 8.00-8.30 | Таңертеңгілік балаларды бір-бірлеп қабылдау. Балалардың денсаулығын, дене жарақатын тексеру. Дене температурасын өлшем денсаулық дәптеріне толтыру. Дидактикалық ойын: «Болады, болмайды» Барысы: балаларға сөздер айтылады, ал балалар солай болуы мүмкін болса, онда қолдарын шапалақтайды, егер ондай мүмкін болмаса, онда аяқпен топылдатады. Мысалы: қасқыр орманда кезіп жүреді, алақан шапалақтайды. Қасқыр ағаш басында отыр – аяқпен топылдатады. Кастрюлде кесе қайнап жатыр. Мысық үйдің төбесінде қыдырып жүр. Ит аспанда жүзіп келеді. Қыз үйдің суретін салып отыр. т.с.с.жаттығу жалғаса береді. | | | | |
| Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б) | | Кітап бұрышымен жұмыс жүргізу. Мақсаты: балаларға кітап бұрышындағы кітаптармен таныстыра отырып, кітаптарды реттеп жинауға, ұқыпты ұстауға дағдыландыру. | Авторы: Е.Ескендіров Почташы<br><br>Күні бойы жол жүріп, Көрген емес болдырып. Қайтады үйге алғысты, Қапшығына толтырып. | Дидактикалық ойын: «Электроника дүкені» мақсаты: Балаларға электроника әлемі туралы терең түсінік беру. Электроника дүкенінде сатылатын заттарды дұрыс табуға үйрету. | Жылулық шеңбері: «Телефон» ойыны. Мақсаты: балаларды өзін таныстыруға, дұрыс сәлемдесуге, басқаларды тыңдай білуге үйрету. Жүргізілу барысы: Менің қолымда телефон мен шар бар. Ол қазір айнала барлығымыздың қолымызға өтеді. Әр кім қолындағы телефон мен өз атын атап, көршісіне шарды береді. | Саусаққа жаттығу<br><br>Отырайық қисаймай. Қолды, жайып қанатша, Жұдырықты түйелік. Саусақтары талғанша. Ашып, жұмып көрейік. Белімізді жазайық. Демімізді алайық. |
| Таңертеңгі жаттығу | | Ертеңгі жаттығу кешені «Әуен ырғағымен» | | | | |
| Таңғы ас | | Таңғы асқа «астарың дәмді болсын» айту кезінде және ас ішіп болған кезде балалардың «рақмет» деп жауап беруге дағдыландыру. Тамақты ұқыпты ішуге, сөйлемей отырғызу. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
